БЕКІТЕМІН
Алматы қаласы әкімінің орынбасары
_____ А.Б. Қалдыбеков
2025 жылғы «____» _____

АҚШ Мемлекеттік хатшысының Бірінші орынбасары К. Ландау мен АҚШ Президентінің Арнаулы өкілі С. Гордың Қазақстан Республикасына ресми сапары аясында Алматы қаласында іс-шараларды ұйымдастыру бойынша
ЖОСПАР-ТАПСЫРМА

2025 жылғы 27–28 қазан
«Refugio del Monte» мейрамханасы;
«Kok Tobe Hall» мейрамханасы;
«Абай» мейрамханасы

1. Іс-шараны ұйымдастыру аясында келесі мәселелерді қамтамасыз ету, оның ішінде:

- қонақтарға арналған кешкі аста концерттік бағдарлама ұйымдастыру;
- іс-шара өтетін орындарда техникалық жабдықтарды *(сахналық конструкция, жарық және дыбыс аппаратураларын)* орнату;
- іс-шара өтетін орындардың көрінісін қажетті материалдар мен элементтерді пайдалана отырып безендіру;
- есімдік тақтайшалар, куверткалар, концерттік бағдарлама және тағам мәзірлерін екі тілде басып шығару;
- қажетті жабдықтарды пайдалана отырып, киіз үйлер мен декорацияларды орнатып, түрлі іс-шараларды ұйымдастыру арқылы «Этно ауыл» алаңын дайындау және безендіру;
- делегацияны әуежайда қарсы алу үшін ұлттық киімдегі имидж тобын ұйымдастыру;
- іс-шара өту орындарында қазақтың ұлттық киіміндегі ұлдардан және қыздардан құралған батырларды қатыстыру.

Жауапты: Алматы қаласы Мәдениет басқармасы

2. Қамтамасыз ету:

- іс-шара өтетін орындардың сыртқы көрінісін қажетті материалдар мен элементтерді пайдалана отырып безендіруді;

- делегацияның келуі кезінде автокөліктерді ұйымдастыруды, сондай-ақ зарядтау құрылғылары, зонттар, майлықтар және су сияқты қажетті заттарды ұсынуды;

- әуежайда ұшып келу және ұшу кезінде шәй үстелін және гүл композицияларымен безендіруді;

- келуші қонақтарға гүл себеттерін, сыйлықтар мен естелік заттарды дайындау және рәсімдеуді.

Жауапты: Алматы қаласы әкімінің аппараты;
«Алматы қаласы Шаруашылық басқармасы» ЖШС

3. Қамтамасыз ету:

- Американдық делегациямен кездесуге арналған «Интерконтиненталь» қонақ үйінде 2 күнге конференц-залды, кофе-брейк пен түскі асты;

- делегацияны ілесіп жүру үшін 2 батыр мен 2 хостесті;

- делегацияға экскурсиялық және ұйымдастырушылық ілесіп жүру үшін орыс және ағылшын тілдерін меңгерген 4 гидті.

Жауапты: Алматы қаласы Туризм басқармасы

4. Қамтамасыз ету:

- «Refugio del Monte», «Abay» мейрамханаларында келісілген мәзірді дайындау және ұсынуды;

- делегация мүшелеріне арналған сыйлыққа алма себеттерін дайындауды.

Жауапты: Алматы қаласы Кәсіпкерлік және
инвестициялар басқармасы

Орынд.: С.Лим
Тел.: 8 (727) 2716592